

Осы жарияланым банктер мен олардың депозиттік өнімдерінің жарнамасы болып табылмайды, осыған байланысты банктердің атаулары жарияланбайды.

Бұл мониторинг депозиттердің түрлері және мөлшерлемелері туралы жалпы ақпарат беруге бағытталған. Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) алдарыңыздағы деректердің қаншалықты дәл, толыққанды, шынайы және өзекті екендігіне кепілдік бере алмайды. Өйткені олар екінші деңгейдегі банктердің сайттарына жасалған мониторинг негізінде алынған. Сонымен банк салымы шартын жасамай тұрып, таңдау жасалған банк туралы ақпараттарды нақтылап, нысықтап алу қажет. Тағы да еске саламыз, банктегі таңдап алынған салымға ақша салмай тұрып, сол депозиттің табыстылығы ғана емес, банктің өзінің қаржылық ахуалы қандай екендігін ескерген дұрыс болады. Мәлімет үшін: ҚДКБҚ сайтында банктердің рейтингі туралы ақпарат та жарияланған (<https://kdif.kz/kz/finansovaya-gramotnost/rating/>). Бұл банктер – Қазақстанның депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы қаржы институттары. Ал рейтингтерді халықаралық рейтингтік агенттіктер берген. Жинақ ақша туралы саналы шешім қабылдау үшін ҚДКБҚ шарттың талаптарын, оның ішінде депозитті толықтыру, одан қаражатты мерзімінен бұрын толық және ішінара алу талаптарын мұқият оқуға кеңес береді.

Жеке тұлғалардың теңгелік депозиттері бойынша сыйақы мөлшерлемелері

(депозиттерге міндетті кепілдік беру жүйесіне қатысушы банктердің сайттарына жүргізілген мониторинг негізінде)

Банктердің сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеру барысына жасалған шолу

2026 жылдың 29 мамырына қарай қалыптасқан деректер¹

Қазақстанның депозиттерге кепілдік беру қоры (ҚДКБҚ, Қор) әрбір банк өзінің депозиттік өнімдері бойынша сыйақы мөлшерлемелерін өзінің ішкі депозиттік саясатына сәйкес белгілейтіндігін хабарлайды. Сонымен қатар банктердің шешіміне Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі мен нарықтың басқа да қатысушыларының мөлшерлемелерінің өзгеруі, сондай-ақ халық депозиттерін тарту мен жүйелік тәуекел үшін төленетін жарна бойынша шығыстар арасындағы теңгерімді сақтау қажеттілігі де әсер етеді².

2026 жылдың 24 сәуірінде Ұлттық Банк базалық мөлшерлемені 18,0% деңгейінде сақтау туралы шешім қабылдады. Ал 2026 жылдың мамырында, яғни 2026 жылдың 5 маусымында базалық мөлшерлеме бойынша Ұлттық Банктің қабылдайын кезекті шешімінің қарсаңында жекелеген банктер депозиттері бойынша мөлшерлемелерге түзету енгізді. Жалпы барлық мерзімдегі әртүрлі депозиттер қайта қаралды. Негізгі өзгерістер жинақ салымдарда орын алды.

¹ бұған дейінгі мөлшерлемелер мониторингі 2026 жылы 05 мамырда жарияланғандықтан, бұл мониторингте біз банктердің мөлшерлемелеріне қатысты 2026 жылдың 06 мамыры мен 29 мамыры аралығындағы өзгерістерді қарастырдық.

² халықтың депозиттерін тартудың агрессивті саясатын шектеу үшін Банктер ҚДКБҚ-ға жүйелік тәуекел үшін жарна төлейді, оның мөлшері банктің орташа мөлшерлемесінің нарықтық мөлшерлемеден асып кету дәрежесіне және тарту көлеміне байланысты болады

Депозит нарығындағы сыйақы мөлшерлемелерінің өзгеруі:

Депозиттің түрі	Изменения		
	▲	▼	+
Мерзімсіз салымдар	1 банк	2 банк	-
Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар	-	1 банк	-
Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар	4 банк	4 банк	1 банк
Толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар	-	2 банк	-



Мерзімсіз депозиттер³

Мерзімсіз депозиттер қаражатты өте икемді басқаруға мүмкіндік береді: егер шотта азайтылмайтын, яғни алынбайтын қалдық қалатын болса, үстінен ақша салуға және алуға болады. Сыйақы жойылмайды.

Мамыр айында 3 банк мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелерді қайта қарады:

- ▲ 1 кішігірім банк мөлшерлемені 12 айлық мерзім бойынша 0,2 пайыздық тармаққа (п.т.) көтеріп, 15,0%-ға жеткізді;
- ▼ 1 кішігірім банк мөлшерлемені 12 айлық мерзім бойынша 0,5 п.т.-қа төмендетіп, 14,4%-ға жеткізді;
- ▼ 1 орташа банк мөлшерлемені 12 айлық мерзім бойынша 0,9 п.т.-қа төмендетіп, 13,1%-ға жеткізді.


Мерзімсіз салымдар			
Көрсеткіштер	Мамыр, 2025	Қаңтар, 2026	Мамыр, 2026
Банктердің саны	16	18	18
Максималды мөлшерлеме	15,7%	16,9%	16,9%
Минималды мөлшерлеме ⁴	13,0%	13,0%	13,0%
Орташа мөлшерлеме	14,8%	15,3%	15,2%

Мерзімді және жинақ салымдар бойынша талаптар белсенді түрде қайта қаралып жатқан шақта, мерзімсіз салымдардың мөлшерлемелерінде анау айтқандай өзгерістердің болмауы депозит саясатында банктердің жаңа мақсаттарға басымдық бере бастағандығын білдіреді. Яғни олар халықтан тұрақтылығы жоғары, ұзақ мерзімге салынатын қаражаттарды тартуға ұмтылуда. Бірақ жеке тұлғалардың депозиттік базасының үштен бірінен астамы әлі де мерзімсіз салымдарда орналастырылғандығын айта кеткен жөн. Олар табыстылығы азая бастаса да, салымшылар үшін анағұрлым ыңғайлы және икемді қаржы құралы болып қала бермек.

³ мерзімдік талаптарға сәйкес келмейтін депозит - белгіленген мөлшерлеме бойынша депозит, талап еткенге дейінгі депозиттерді қоспағанда оны мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл жеке тұлғалардың қайтадан тартылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін анықтау және бекіту әдістемесінде көзделген ең төменгі айыппұлдан төмен болады немесе мүлдем болмайды

⁴ іріктемеге инфляция деңгейінен төмен мөлшерлеме ұсынатын 2 банктің депозиттік мөлшерлемелері енгізілмеді

1-графика. Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдар бойынша мөлшерлемелер⁵



Мерзімді депозиттер⁶

Мерзімді депозит – бұл жинақ және мерзімсіз салымдар арасындағы ымыралы нұсқа: мұнда мерзімсіз салымға қарағанда едәуір жоғары пайыздық мөлшерлеме ұсынылады және талаптары қаражатты басқаруда жинақ салымдарға қарағанда едәуір икемді. Яғни, ақшаны сақтау және молайту үшін тартымды қаржы құралы. Мерзімді салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар

2026 жылдың мамырында тек 1 орташа банк қана толықтыру құқығы бар мерзімді салым бойынша мөлшерлемені төмендету жағына қарай қайта қарады: 12 айлық мерзім бойынша 0,8 п.т.-қа төмендетіп, 15,0%-ға жеткізді; 24 айлық мерзім бойынша 6,0 п.т.-қа төмендетіп, 6,0%-ға жеткізді; 24 айдан жоғары мерзім бойынша 4,0 п.т.-қа төмендетіп, 6,0%-ға жеткізді.


⁵ Мерзімі 12 айлық мерзімсіз салымдары жоқ банктер бойынша олар 13 айға ұсынатын мөлшерлемелер пайдаланылды

⁶ Мерзімділік талабына сәйкес келетін депозит – жеке тұлғалардың жаңадан ашылған депозиттері бойынша максималды сыйақы мөлшерлемелерінің мөлшерін анықтау және белгілеу әдістемесінде қарастырылған, шарттық талаптары бойынша Әдістемеде көзделген ең төменгі айыппұлдан кем емес мөлшерде мерзімінен бұрын алу үшін айыппұл салатын, сыйақы мөлшерлемесі тиянақталған депозит

Толықтыру құқығы бар мерзімді депозиттер			
Көрсеткіштер	Мамыр, 2025	Қаңтар, 2026	Мамыр, 2026
Банктердің саны	6	7	8
Максималды мөлшерлеме	18,0% (3 ай)	20,0% (3 ай)	20,0% (3 ай)
Минималды мөлшерлеме	7,0% (24 ай)	10,0% (24 айдан жоғары)	5,1% (24 ай)

Бүгінгі таңда толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бәсекеге қабілетті пайыздық мөлшерлемелері мен жоғары икемділігінің өзара үйлесімділігі арқасында нарықтың ең танымал сегментіне айналды. Мұндай өнімдер жинақ ақшаны үнемі арттырып отыруға және қажет жағдайда ақшаны тез алуға мүмкіндік береді. Бұл сегментте банктердің көбеюі мерзімді депозиттік өнімдердің қатары кеңейе бастағандығын білдіреді. Бұл ретте банктер арасындағы бәсекелестік көп жағдайда салымдардың қысқа мерзімдері бойынша жүріп жатыр.

2-графика. Толықтыру құқығы бар мерзімді салымдар бойынша мөлшерлемелер




Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер

Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер депозит нарығында тауашалы өнім болып қалуда: бұл өнімді тек 1 ғана банк ұсынған, ал 2026 жылдың мамырында мөлшерлемелер бойынша талаптар өзгеріссіз қалды.

Қалай болғанда да толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер депозит нарығында тауашалы өнім болып қала бермек: салымшылар олардан гөрі үстінен ақша салуға болатын депозиттерді немесе ұсынған шектеулері ұқсас, бірақ табыстылығы өте жоғары жинақ салымдарды таңдауда. Банктерге де мұндай өнімдерді ұсыну тиімсіз болып тұр, өйткені өтімділікті басқаруды қиындатып жібереді, мерзімінен бұрын алынуы да мүмкін және толықтырылып отыратын салымдар секілді жаңа ақша түсімдерін қамтамасыз ете алмайды. Нәтижесінде қазіргі уақытта бұл өнімді тек 1 ғана банктің ғана ұсынып жатқан жайы бар, ал мөлшерлемесі бойынша талаптар 2026 жылдың мамырында өзгеріссіз қалды.

3-графика. Толықтыру құқығы жоқ мерзімді депозиттер бойынша мөлшерлемелер





Жинақ депозиттер

Жинақ депозиттер – салған ақшаны мерзімі аяқталғанша алуға болмайтын депозит. Бұл салған ақшасын мерзімі аяқталғанша алмауды жоспарлаған адамдар үшін өте тиімді салым. Алған жағдайда шот жабылады, сыйақы толығымен дерлік жойылады. Ал ақша 30 күннен кейін ғана беріледі. Жинақ салымдардың белгіленген мерзім барысында үстінен ақша салуға болатын және болмайтын түрлері бар.

Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер


2026 жылдың мамырында мөлшерлемелер ең көп қаралған осы сегмент болды:

- ▲ 1 кішігірім банк мөлшерлемені 6 айлық мерзім бойынша 1,0 п.т.-қа көтеріп, 20,0%-ға жеткізді;
- ▲ 1 кішігірім банк – мөлшерлемені 3 айлық мерзім бойынша 3,9 п.т.-қа көтеріп, 18,4%-ға, 6 айлық мерзім бойынша 0,4 п.т.-қа төмендетіп, 19,6%-ға жеткізді;
- ▲ 1 кішігірім банк – барлық мерзімдердің мөлшерлемелерін қайта қарады: 3-6 айлық мерзімдер бойынша 2,9 және 1,6 п.т.-ға төмендетіп, сәйкесінше 14,4% және 15,6%-ға жеткізді, ал 12, 24 және 24 айдан жоғары мерзімдер бойынша керісінше 1,2 п.т., 3,3 п.т., 2,2 п.т.-ға көтеріп, сәйкесінше 16,1%, 10,5% және 9,4%-ға жеткізді;
- ▼ 1 орташа банк – мөлшерлемені 3 және 6 айлық мерзімдер бойынша 1,1 және 1,5 п.т.-ға төмендетіп, сәйкесінше 18,0%-ға жеткізді;
- ▲ 1 орташа банк – жылдық 20,0%-бен 3 айлық мерзімге жаңа салымды іске қосты және 6 айлық мерзім бойынша мөлшерлемені 3,0 п.т.-қа көтерді 19,0%-ға, ал 12 және 24 айлық мерзімдер бойынша мөлшерлемені 0,6 және 1,2 п.т.-ға төмендетіп, сәйкесінше 15,0% және 6,0%-ға жеткізді.

Толықтыру құқығы бар жинақ салымдар			
Көрсеткіштер	Мамыр, 2025	Қаңтар, 2026	Мамыр, 2026
Банктердің саны	10	11	12
Максималды мөлшерлеме	17,0% (3-6 ай)	20,0% (3-6 ай)	20,5% (3 ай)
Минималды мөлшерлеме	5,1% (24 ай)	5,1% (24 ай)	5,1% (24 ай)

Толықтыру құқығы бар жинақ депозиттер бойынша талаптардың қазіргі уақытта белсене қайта қаралуы негізінен жаңа клиенттер үшін жүргізіліп жатқан бәсекелі күреске байланысты. Ойыншылардың бір бөлігі өздерінің депозиттік өнімдерін түрлендіріп, халық арасында танымал болып жатқан толықтыру құқығы бар мерзімді салымдарға аса мән беруде. Өйткені салымның бұл түрі ақша қорын жасауға кететін шығындарын оңтайландыруға мүмкіндік береді. Басқа банктер ағымдағы депозиттік өнімдер аясында қысқа мерзімдік өтімді ақшалар үшін өзара бәсекелесіп жатыр. Бұл ретте банктер 2026 жылдың екінші жартыжылдығында базалық мөлшерлеме бойынша кейінгі шешімдерді күту аясында ұзақ мерзімді депозиттерге ұстамды көзқарасты сақтайды.

4-графика. Толықтыру құқығы бар жинақ салымдары бойынша мөлшерлемелер



Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер


2026 жылдың мамырында келесідей өзгерістер орын алды:

- ▼ 1 кішігірім банк мөлшерлемені 6 айлық мерзім бойынша 1,0 п.т.-қа төмендетіп, 19,0%-ға жеткізді;
- ▼ 1 орташа банк мөлшерлемелерді барлық мерзімдер бойынша 0,3 п.т.-тан 1,5 п.т.-қа дейін төмендетті, бұл ретте ең жоғары мөлшерлеме 6 айлық мерзім бойынша 18,5%-ды, ал аз мөлшерлеме 24 айлық мерзім бойынша 9,0%-ды құрады.

Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер			
Көрсеткіштер	Мамыр, 2025	Қаңтар, 2026	Мамыр, 2026
Банктердің саны	12	14	14
Максималды мөлшерлеме	18,5% (6 ай)	20,5% (6 ай)	20,5% (6 және 12 ай)
Минималды мөлшерлеме	6,3% (24 айдан жоғары)	6,3% (24 айдан жоғары)	6,3% (24 айдан жоғары)

2026 жылдың мамырында толықтыру құқығы жоқ жинақ салымдар сегментінде айтарлықтай талаптарды қайта қарау әрекеттері байқалмады. Бұл онсыз да жоғары деңгейде қалыптасқан мөлшерлемелерге байланысты екені белгілі. Максималды табыстылықтарының әрі қарай өспей жатқандығына қарамастан, бұл өнімдер басқа депозиттік өнімдерге қарағанда анағұрлым тартымды болып қала бермек. Жоғары табыстылық салымшылар үшін нарықтағы ең қатал шектеулердің – үстінен ақша салу және ақшаны мерзімінен бұрын алу мүмкін еместігінің есесін толығымен қайтара алады.

5-графика. Толықтыру құқығы жоқ жинақ депозиттер бойынша мөлшерлемелер





Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер


Сыйақы мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер – бұл пайыздық мөлшерлемесі тиянақты бекітілмеген және салым шартының мерзімі барысында өзгеруі мүмкін салымдар. Сыйақыларды есептеу механизмі екі элементтің негізінде жасалады: базалық көрсеткіш, мысалы Ұлттық Банктің базалық мөлшерлемесі немесе инфляция деңгейі және тиянақталған үстеме (спред). Банк пайыздық спредтің шамасын шарт жасау барысында тиянақтайды және пайыздық спредтің мөлшерін арттыру және (немесе) салым мерзімін ұзарту жағдайын қоспағанда, өзгертуге жатпайды.

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер сегментінде 2026 жылдың мамырында бір ғана өзгеріс орын алды – яғни, 12 айлық мерзім бойынша базалық мөлшерлемеге қатысты теріс спред -3,00-дің орнына -2,98 п.т. болып қайта қаралды. Бұл ретте сыйақы мөлшерлемесі өзгерген жоқ, 16,2% деңгейінде қалды.

Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер			
Көрсеткіштер	Мамыр, 2025	Қаңтар, 2026	Мамыр, 2026
Банктердің саны	1	2	2
Өнімдердің саны	2	3	2
Максималды мөлшерлеме	15,9%	17,0%	16,2%
Максималды мөлшерлемеге қатысты спред	-1,75 п.т.	-2,3 п.т.	-2,98 п.т.
Минималды мөлшерлеме	-	15,9%	15,9%
Минималды мөлшерлемеге қатысты спред	-	-3,3 п.т.	-3,24 п.т.

Нарықта мөлшерлемесі құбылмалы бірнеше депозиттік өнімдердің бар болуына қарамастан, бұл сегмент әлі де кеңінен таныла қойған жоқ. Даму серпіні әлсіз болуының себебі, бенчмарктің (базалық мөлшерлеменің) өсуі аясында мұндай депозиттер бойынша табыстылық барабар өсімді көрсеткен жоқ, ал спред керісінше қысқарды. Оның үстіне мөлшерлемесі тиянақты, дәстүрлі депозиттер салымшылар үшін қашанда қарапайым және түсінікті, өйткені олар тұрақты және болжамды табыс алуға кепілдік береді.

6-графика. Пайыздық мөлшерлемесі құбылмалы депозиттер бойынша максималды мөлшерлемелер



Тұжырымдар

Банктердің сайттарына жасалған мониторинг – 2026 жылдың мамырында нарыққа қатысушылар пайыздық саясатты қалыптастыруда бағыты әртүрлі тәсілдерді қолданғанын көрсетті. Бір банктер мөлшерлемелерді өзгеріссіз қалдырса, басқалары жекелеген депозиттер бойынша түзетулер енгізді, ал кейбір банктер барлық депозиттік өнімдері бойынша мөлшерлемелерді қайта қарап шықты. Мөлшерлемелердің бірыңғай бағытта қозғалу векторы қалыптасқан жоқ, өйткені олар өткен айларда белсенді түрде өскен соң, қазіргі уақытта олардың деңгейі тепе-теңдік дәрежесіне жетті.

Әйтсе де, мамыр айында жалпы нарықтық үрдіс біртіндеп табыстылықтың төмендеуі жағына қарай ойыса бастады. Бұған екінші жартыжылдықта монетарлық саясаттың жұмсарып туралы болжамдар себеп болуда. Міне, банктер осы үрдіске байланысты қазірдің өзінде ұзақ мерзімге ақшалай қор жинау құнын азайта бастады. Сонымен қатар банктер жоғары мөлшерлемелер аясында жаңа клиенттерге қол жеткізу мақсатында қазіргі сәтті табыстылығы жоғары қысқа мерзімді маркетингтік өнімдерді іске қосудың соңғы мүмкіндігі ретінде пайдаланып қалуға ұмтылуда.

Базалық мөлшерлеме бойынша кезекті жоспарлы шешім 2026 жылдың 5 маусымында жарияланады. Соның негізінде халық салымдары нарығында сыйақы мөлшерлемелері бойынша әрі қарай даму векторы айқындалатын болады.

Салымшылар үшін ағымдағы кезең шартты түрде тұрақтылығымен ерекшеленеді және салымшыларға ағымдағы жоғары табыстылық деңгейін пайдаланып қалуға тағы да мүмкіндік береді. Инфляцияның ағымдағы деңгейі аясында (наурызда 11,0%, сәуірде 10,6%) теңгелік құралдар шынайы табыстылықты қамтамасыз етеді. Ал теңгелік қаржы құралданың табыстылығы қазір тарихи жоғары деңгейде және сәйкесінше ұлттық валютадағы салымдардың тартымдылығын арттыра түсуде.

ҚДКБҚ өз кезегінде тағы да еске салады: депозиттік өнімдерді таңдау барысында салымшылар сыйақы мөлшерлемесін ғана емес, банктің қаржылық орнықтылығын да ескергендері жөн. Банк салымы шартына қол қоймай тұрып, оның талаптарымен мұқият танысып шығуға, депозитті толықтыру және одан ақшаны мерзімінен бұрын ішінара немесе толықтай алу, келесі мерзімге автоматты түрде ұзартылу мүмкіндіктеріне, ҚДКБҚ кепілдігінің мөлшеріне және салымның басқа да маңызды талаптарына көңіл бөлуге кеңес береміз.

ҚДКБҚ кепілдіктерінің бар екендігінің арқасында депозиттер – жинақ ақшаны сақтау және молайту жолында сенімді және қолжетімді қаржы құралы болып қалуда. ҚДКБҚ тағы да еске салады, кепілді өтемнің мөлшері салымның түрі мен валютасына тікелей байланысты. Сәйкесінше ол:



теңгелік жинақ салымдар (депозиттер) бойынша – **20 млн теңгеден;**



теңгедегі басқа да салымдар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **10 млн теңгеден;**



шетел валютасындағы шоттар, олардың ішінде ағымдағы шоттар мен төлем карточкалары бойынша – **5 млн теңгеден** асырылмайды.

Егер салымшының бір банкте әрқалай валютада әртүрлі бірнеше салымы бар болса, сол банк лицензиясынан айырылған жағдайда Қор әрбір салым бойынша белгіленген максималды кепілдік сомасын ескере отырып, салымшыға жиынтық кепілді өтем төлейді. Бірақ оның мөлшері 20 млн теңгеден асырылмайды.